



Мазмұны:

1. Жалпы ережелер.
2. Глоссарий
3. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау тәртібі
4. Сақтандыру объектісі.
5. Сақтандыру сыйлықақысы.
6. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.
7. Сақтандыру тәуекелдері, Сақтандыру жағдайлары.
8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.
9. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті. Сақтандыру төлемі
10. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату
11. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері
12. Зиян келтірген тұлғага кері талап қою құқығы
13. Дауларды шешу тәртібі
14. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері

## **1 бап. Жалпы ережелер**

1. Осы Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-I «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440-II «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңына сәйкес әзірленген және аудит жүргізу кезінде аудиттелеңін субъектілерге мүліктік зиян келтіру салдарынан туындастын міндеттемелер бойынша аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын айқындаиды.
2. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңына сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеу арқылы Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалатын сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.
3. Осы Сақтандыру ережелеріне қатысты Сақтанушы қызметкерлерінің іс-әрекеттері Сақтанушының іс-әрекеттері ретінде қарастырылады. Бұл ретте жеке еңбек шарты негізінде жұмысты орындастырылған азаматтар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмысты орындастырылған азаматтар, егер бұл ретте олар Сақтанушының тапсырмасы бойынша әрекет етсе немесе әрекет етуге тиіс болса және ол өздері қабылдайтын шешімдерге немесе олар жүзеге асыратын әрекеттерге (әрекетсіздікке) тікелей немесе жанама ықпал ете алатын болса, Сақтанушының жұмыскерлері деп танылады.

## **2 бап. Глоссарий**



1. Осы Сақтандыру ережелеріне қатысты төменде келтірілген терминдер ретінде мыналар түсініледі:

- 1) аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – аудиторлық ұйымның аудит жүргізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндепті;
- 2) аудиттеу субъектісі – аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуғе шарт жасасқан заңды тұлға;
- 3) пайда алушы – осы Занға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 4) сақтандыру жағдайы – басталуына орай аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқига;
- 5) сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысуышылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 7) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндептемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндепті ақша сомасы;
- 8) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 9) сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізу міндепті заңды тұлға;
- 10) сақтанушы – сақтандырушымен аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасасқан аудиторлық ұйым;
- 11) франшиза – сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

### **3 бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасау тәртібі**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндепті сақтандыру сақтандырушы сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеу жолымен сақтандыру шартын жасау жолымен аудит жүргізу кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін аудиттелетін субъектінің пайдасына жүзеге асырылады.
2. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша жүгіну немесе сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
3. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартында, сақтанушының аудитті өткізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген зиян салдарынан тындаған міндептемелер бойынша, моральдық шығынды, ала алмаған



пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

**4.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не сақтандырушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

**5.** Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе аудиттеу субъектісінің жағдайын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушы мен аудиттеу субъектісінің алдында заңнамалық актілермен белгіленген талаптар бойынша жауапкершілік көтереді.

**6.** Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.

**7.** Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің деңгейін бағалау үшін қажетті өзге де құжаттарды сұратуға құқылы.

**8.** Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасау үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілікті көтереді.

**9.** Егер сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың аумағы болып есептеледі.

**10.** Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу кезінде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап тараптар үшін күшіне енеді және міндетті болады.

**11.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

**12.** Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

#### **4 бап. Сақтандыру объектісі**

**1.** Аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, аудитті өткізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндеттіне байланысты мүліктік мүддесі аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

#### **5 бап. Сақтандыру сыйлықақысы**

**1.** Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін



міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 пайызынан аспауға тиіс.

2. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен немесе бөліп-бөліп (мерзімді сақтандыру жарналары түрінде) төлейді.
3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен немесе Сақтандырушының банктік есепшотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төлейді.
4. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
5. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

## **6 бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

1. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері аудиторлық ұйыммен жасалған аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша шарт жасалған күнге тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 10 000 еселенген мөлшерін құрауы тиіс.

## **7 бап. Сақтандыру тәуекелдері. Сақтандыру жағдайлары**

1. Осы Сақтандыру ережелеріне қатысты аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мұдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу тәуекелі сақтандыру тәуекелі болып табылады.
2. Аудитті жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мұдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.  
Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі ретінде танылады:
  - 1) Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
  - 2) Сақтанушының аудиттелетін субъектілердің зиянды өтеу туралы талаптарын негізіді деп тануы және Сақтанушының талаптарын танумен Сақтандырушының келісімін алуы.
3. Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы кездейсоқтық белгілері мен олардың туындау ықтималдығы бар оқиғалардың салдары болуы тиіс.

## **8 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **1. Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақтандырушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;



- 2) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушу жасаған сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен (оның ішінде сақтандырушуның интернет-ресурсы арқылы) танысуға;
  - 3) осы Сақтандыру ережелерінде және заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
  - 4) осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушуға немесе сақтандыру омбудсманына немесе аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;
  - 5) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушу, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге.
- Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

## **2. Сақтануши міндетті:**

- 1) сақтандыру сыйлықақысын аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушуға аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;
- 3) Сақтандырушуға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;
- 4) аудитті өткізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз келтірілгені туралы өзіне белгілі болғаннан бастап, шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы Сақтандырушуға хабарлауға;
- 5) басталуына орай Сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті пайда болған оқиғаның себептері, барысы және салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерлері туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін, өзінің қолы жеткен барлық ақпаратты және құжаттаманы Сақтандырушуға ұсынуға;
- 6) аудиттеу субъектісінің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуы үшін Сақтандырушуға мүмкіндік жасауға;
- 7) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың басқа Сақтандырушылармен жасалған және жасалатын барлық шарттары туралы Сақтандырушуға жазбаша хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту жөніндегі шараларды қолдануға;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғага кері талап қою құқығының Сақтандырушуға өтуін қамтамасыз етуге;
- 10) аудит жүргізу кезінде Сақтанушы аудит қызметтерін көрсеткен тұлғаны аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы хабардар етуге.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

## **3. Сақтандыруши құқылы:**



- 1) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтерді беруін талап етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 3) аудиттеу субъектілерінің сақтанушының аудитті өткізуге байланысты өз міндettерін орындауды нәтижесінде келтірген зиянны өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда келтірілген зиянға жаупаты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;
- 6) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасағанға дейін де, оның қолданылу кезеңінде де ұсынылатын құжаттар мен ақпаратты тексеруді жүзеге асыруға;
- 7) Сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге **құқылы**.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

#### **4. Сақтандыруши міндettі:**

- 1) Сақтанушыны аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру талаптарымен таныстыруға, оның аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастырылған құқықтары мен міндettерін түсіндіруге;
- 2) Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар ету кезінде, оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметтерді уәкілдеп органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 3) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыруши өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы етініш берушіге хабарлауға;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және шарттар бойынша жүргізуға;
- 6) Сақтанушыға оның сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстарын өтеуге;



- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 9) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

**6.** Осы бапта көзделген құқықтар мен міндеттердің тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Тараптардың осы Сақтандыру ережелерінде, сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген өзге құқықтары болады және өзге де міндеттерді атқарады.

#### **9 бап. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездеңі іс-әрекеті. Сақтандыру төлемі**

**1.** Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы аудит жүргізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз берілгені туралы белгілі болғанда, дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті.

**2.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе аудиттелетін субъект сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандырушының қолжетімділігі бар мемлекеттік органдардың дереккорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

**3.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы не аудиттелетін субъект сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардан электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте сақтандыру төлемі туралы электрондық нысандағы талап өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынудан босатпайды.

**4.** Сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса беріледі:

- 1) аудиттеу субъектісінің келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын, зиянды өтеу туралы Сақтанушы таныған құжаттар қоса берілген талабы немесе соттың аудитті өткізу кезінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген шешімі;
- 2) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;
- 3) Сақтанушы мен аудиттеу субъектісі арасында жасалған, аудит жүргізуге арналған шарттың нотариат күеландырған көшірмесі;
- 4) зиянды болдырмау немесе мөлшерін азайту жөнінде шаралар қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (бар болса);
- 5) аудиторлық есеп-қисаптың көшірмесі, аудиттеу субъектісінің келісімімен,



5. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті. Сақтандыши (пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.
6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдаудын талап етуге құқылы емес.
7. Аудитті өткізу нәтижесінде сақтандыши зиян келтірген аудиттеу субъектісі, ал аудиттеу субъектісі қайта ұйымдастырылған жағдайда - оның құқық мирасқоры пайда алушы болып табылады.
8. Аудиттеу субъектісіне (оның құқық мирасқорына) келтірілген зиянды Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және өз шығыстарының сақтандырушыдан өтелуіне құқық алған сақтандыши немесе өзге де тұлға пайда алушы болып табылуы мүмкін.
9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуды осы баптың 3-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күннен кешіктірмей жүргізеді. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуды бас тарту себептерін негіздей отырып, жазбаша түрде Сақтандырушының назарына жеткізеді.
10. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы аудиттелетін субъектінің талап ету сомасын немесе осы сақтандыру қағидаларының 6 бабының ережелерін ескере отырып, келтірілген зиянды өтегу туралы заңды күшіне енген сот шешімін негізге ала отырып айқындайды.
11. Сақтандырушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті тиісті шараптар сәтсіз болса да, Сақтандырушының өтеуіне жатады.
12. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін, егер шығыстар Сақтандырушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
13. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте франшиза мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес пайызынан аспауға тиіс.
14. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.
15. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы дау айтқан жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 8 тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.
16. Сақтандыру төлемінің дау айттылған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.



- 17.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.
- 18.** Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайды алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндettі.
- 19.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

**10 бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату**

- 1.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:
- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
  - 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
  - 3) Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырғанда өзінің қолданылуын тоқтатады.
- 2.** Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату келесі жағдайларда қарастырылады:
- 1) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін немесе осы қызметке байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырган сақтанушылардың белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызметін тоқтатуы;
  - 2) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда.
- Көрсетілген жағдайларда шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап шарт тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуге тиіс.
- 3.** Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату оның талаптарын орындаған Сақтандырушының кінәсінен туындаса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндettі. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандырудың қолданылуы ішіндегі уақытқа барабар алуға құқығы бар.
- 4.** Сақтанушы кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы балтың 2-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары, егер шартта өзгеше көзделмесе, қайтарылуға жатпайды.

**11 бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері**

- 1.** Егер сақтандыру жағдайы:
- 1) аудиттеу субъектісінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің;
  - 2) аудиттеу субъектісінің Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің



салдарынан болса, Сақтандыруши сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

**2.** Сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

- 1) Сақтанушының шығынды келтіруге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуды;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайларын тексеру және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу кезінде сақтандырушиға кедергі келтіруі;
- 3) аудиттеу субъектісінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді бұзыу;
- 4) Сақтанушының аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарында белгіленген функцияларына және міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;
- 5) аудиттеу субъектісінің Сақтанушыға аудит жүргізу үшін қажетті толық емес және (немесе) расталмаған құжаттаманы және басқа да ақпаратты ұсынуы негіз болуы мүмкін.

**3.** Сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушиға хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер Сақтандырушиның сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгендігі дәлелденбесе не Сақтандырушида бұл туралы мәліметтердің болмауы сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпесе, ол сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

**4.** Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер бар кезде Сақтандыруши осы Сақтандыру ережелерінің 9-бабының 3-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тартудың себептеріне жазбаша нысанда дәлелді негіздемемен және сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлай отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

**5.** Сақтандырушиның осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

## **12 бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы**

**1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушиның Сақтанушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде мынадай жағдайларда:

- 1) сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған, не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттер жасағанда;
- 2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасағанда;
- 3) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезіндегі шығынды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбағанда;
- 4) Сақтанушы сақтандырушиға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәліметтерді хабарлағанда;
- 5) Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ сақтандырушиға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап қоюға құқығы бар.

**2.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушиға Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандыруши өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығы төленген сома шегінде ауысады.

## **13 бап. Дауларды шешу тәртібі**



1. Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын Сақтандыру шарты бойынша дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарастырады.
2. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### **14 бап. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде, сақтанушы (пайда алушы): талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде, сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге, немесе өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы, не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жіберуге құқылы.
2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.
3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешүге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.
4. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында сақтандыру шартын жасау кезінде келісімге қол жеткізілуге тиіс:
  - 1) сақтандыру обьектісі болып табылатын белгілі бір мүлік немесе өзге де мұліктік мұдде туралы;
  - 2) басталуы жағдайында сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның (сақтандыру жағдайының) сипаты туралы;
  - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
  - 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.